



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС –  
ХАЛЫҚ пен БИЛІК  
АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕР

2-бет



КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ  
ИНФЛЯЦИЯ  
ТӨМЕНДЕЙДІ

2-бет



СЕРІНІҢ  
СЕРТКЕ ТАҚҚАН  
СЕМСЕРІНДЕЙ

7-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№43 (1018) 24.10.2022 жыл



## БАТЫР БАУКЕҢ РУХЫ

Шырт ұйқыда жатыр екенмін,  
телефонның ащы шырылы оятып  
жіберді.

– Ұйқымды бұзған кім болды  
екен? – Ренжи телефон тұтқасын  
құлағыма тостым.

– Мамытбек! – Баукеңнің даусы.  
Тез ширай қалдым.

– Оятып жібердім бе?

– Иә.

– Пырылдап ұйықтай беретін  
мысықпысың? Артық ұйқы  
денсаулыққа – зиян.

8-9  
бет

# ҚАРУ-ЖАРАҚ САТАТЫН ДҮКЕНДЕР ЖАБЫЛСЫН

ҚАРУДЫҢ ЗАРДАБЫН ТАРТЫП ЖАТҚАНДА ОНЫ САТУДЫҢ ҚАНША ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР?



3  
бет

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда біздің еліміз осы қару-жарақтың зардабын аз тартып келе жатқан жоқ. Мемлекет қарамағындағы әскери саланың өзі қару-жарағын дұрыс қадағалай алмай қаншама қасірет әкелді. Соңғы он жыл ішінде Арыс қаласының маңында төрт рет жарылыс болған екен. Жүздеген отбасылары баспанасыз қалып, адам өлімі де орын алды. Мемлекеттік әскери сала қоймадағы қаруына ие бола алмай отырғанда жекеменшік қару сататын дүкендерден не күтуге болады? Оған мысал ретінде осы жақында Қостанайдағы қару-жарақ дүкенінің жарылуын атасақ та жеткілікті. Прокуратураның анықтауынша оқ-дәріні дұрыс тасымалдаудың және дұрыс сақтамаудың салдары оқыс оқиғаға әкеліп соққан. Қару-жарақ дүкенінде болған қатты жарылыста төрт адам көз жұмып, тағы жетеуі түрлі деңгейдегі жарақаттар алды.



## ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ КЕРЕК

Квазимемлекеттік сектордың мұндай бақылаусыздығы мемлекеттік компаниялармен, олардың әкімшілік және қаржылық ресурстарымен физикалық тұрғыдан бәсекеге түсе алмайтын жеке кәсіпкерлікке бәсекелестік қысым түрінде қосымша теріс нәтижеге ие. Нәтижесінде квазимемлекеттік сектор жеке экономика мен бизнестің дамуын жасанды түрде тежейді, бәсекеге қабілетті бизнес-қоғамдастықтың әлеуетін ашуға кедергі жасайды.

4  
бет

## ПРОЕКТ ПО ВЫСАДКЕ 2 МЛРД ДЕРЕВЬЕВ СРЫВАЕТСЯ?

В Казахстане нередко объявляется какая-нибудь масштабная программа, которая со временем выполняется лишь частично, либо по разным причинам не выполняется, либо превращается в очередной «воздушный замок». Была надежда, что эта практика дорогой «показухи», за которую к тому же никто не несет ответственности, в новом Казахстане уйдет в прошлое...



10  
бет



## ЭЛТАЙ АЙМАҒАНБЕТОВ – ЕЛ АРДАҚТЫСЫ

6  
бет

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – ХАЛЫҚ пен БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕР

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысы жұртшылығымен кездесуде қоғамдық бақылаудың маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Біз Президенттік басқару үлгісін ұстанамыз. Парламенттің рөлін арттыра түсеміз. Осы орайда, мен мына мәселеге ерекше назар аударғым келеді. Елімізде қоғамдық бақылауды барынша күшейту қажет. Бүгінде еліміз бойынша 256 қоғамдық кеңес бар. Былтыр «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Олардың құзыры едәуір кеңейді. Мен осы салаға азаматтық қоғам өкілдерін көптеп тартуды тапсырдым», — деп атап өтті Президент.

Оның айтуынша, қазір олардың үлесі 86 пайызға жет-

кен. «Биыл Ұлттық құрылтай құрылғанын білесіздер. Оған әрбір өңірдің қоғамдық кеңесінен бір өкіл мүше болды. Қоғамдық кеңестер халық пен биліктің арасындағы дәнекерге айналуда тиіс. Келісім болса, кез келген мәселенің шешімі табылады. Сондықтан, халықтың өкілі ретінде белсене жұмыс істеу қажет.

Тұрғындар өздерінің арқылы мемлекет басқару ісіне қатысады. Қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Бюджет қаражатының қалай жұмсалып жатқанын қадағалайды. Өзекті мәселелерді билік органдарына жеткізеді. Осылайша, қоғамдық кеңес елге мемлекет саясатын түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдық кеңестерге зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Осы кеңестердің ел ішіндегі беделін арттыруға баса мән беру

керек. Оның мүшелері түйткілді мәселелерді батыл көтеріп, оны шешу жолдарын ұсынуы қажет. Тұрғындардың талап-тілегіне әрдайым құлақ асып отырған жөн. Жұрт сонда ғана қоғамдық кеңеске сенім артып, қолдау көрсетеді. Халық өз пікірін билікке келелі кеңестер арқылы жеткізуі керек. Сондықтан мемлекеттік органдармен бірлесіп, үйлесімді жұмыс жасау қажет», — деп түйіндеді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар іс-сапар барысында Алматы облысы бойынша теңдестірілген территориялық дамуды, білім беру және медицина инфрақұрылымын, өңдеу өнеркәсібін, көлік және энергетика жүйесін, агроөнеркәсіп кешенін, туризм саласын өркендетудің бағытын ұстануды атап өтті.

## КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ИНФЛЯЦИЯ ТӨМЕНДЕЙДІ

Премьер-Министр Әлихан Смайлов елімізде инфляцияны тежеуге қатысты атқарылып жатқан қадамдарды атады.

«Әлемдік сарапшылар дүниежүзілік экономика рецессия кезеңіне өтіп жатқанын айтып жатыр. Бұл ретте біз орта мерзімді перспективада тұрақты экономикалық дамуға бағытталған саясатты жүзеге асырып отырмыз. Инфляцияға тоқталсақ, Ұлттық банкпен бірлесіп, оны тежеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл тұрғыда жүйелі әрі жедел шаралар ескерілген», — деді Әлихан Смайылов Мәжілістің жалпы отырысында.

Оның айтуынша, жүйелі

шаралар ішкі нарықты отандық тауарлармен қамтамасыз етуге және импортқа тәуелділікті азайтуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыруға бағытталған. «Жедел шаралар аясында бірінші кезекте логистика, монополияға қарсы, сыртқы сауданы реттеу заңмен белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 15 пайыздық сауда үстемесіне бақылау жасау, сондай-ақ форвардтық сатып алу, тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және басқа да шаралар ескерілген. Қабылданған шаралардың нәтижесінде келесі жылы инфляция 7,5%-9,5%-ға дейін төмендейді, ал одан кейінгі жылдары тағы да төмен болады деп есептейміз», — деді Үкімет басшысы.

### 2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



### 2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

#### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! 2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша

сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;

- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап Сізге өз учаскеніңдегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

#### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылданыңыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

### О Б Р А Щ Е Н И Е ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

#### УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ! 20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Гарантией реализации конституционного права на участие в выборах является включение Вас в список избирателей.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту их нахождения.

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации, не позднее чем за месяц до дня голосования или 20 октября 2022 года, вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения

акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение его в список того участка, на котором он будет голосовать.

Воспользоваться данным правом могут:

- граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации;

- иногородние студенты, обучающиеся в средних специальных и высших учебных заведениях, проживающие вне общежитий;

- граждане, работающие вахтовым методом.

Гражданин может быть включен только в один список избирателей.

Проверить включение себя в список избирателей по месту регистрации можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

С 4 ноября 2022 года Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке.

#### УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Призываем проявить правовую грамотность и реализовать свое конституционное право на участие в выборах!

Своевременно примите необходимые юридически значимые действия по включению себя в список избирателей!

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Тағы да атыс! Сырттан жау шаппай-ақ, Сәтбаев қаласының ортасындағы Ulytau Mall сауда үйі маңында бір адамды атып кеткен. Оқиға 19-20 жастағы жігіттер арасындағы төбелестен басталып, көлікпен қашқан кезде 24 жастағы тұрғынға оқ атқан. Жарақат алған азамат қазір ауруханада жатыр. Күдіктілер ұсталып, тергеу амалдары жүргізілуде. Қару-жарақты қолдану арқылы болатын ауыр қылмыстар біздің елде жиі орын алып келе жатқаны белгілі. Солардың кейбірін ғана еске алсақ, 2021 жылғы 20 қыркүйекте Алматының Алатау ауданындағы Ақбұлақ шағын ауданда 54 жастағы Игорь Дужнов мылтықтан оқ жаудырып, бес бірдей адам қайтыс болды. Олардың арасында сот орындаушысы, екі полицей және екі бейбіт тұрғын бар. Тұрғындардың бірі үйдің жаңа қожайыны болса, екіншісі оның танысы. Бір сәтте бес отбасы қара жамылды. Игорь Дужновтың кейін сот арқылы өмір бойы түрмеге қамалғанынан не пайда? Асыраушысынан айырылған жанұялардың жағдайын кім ойлайды?

Қоғамда қарапайым аңшылық қаруының қылмыс құралына айналуы жөнінде осы тектес түрлі пікірлер бар. Аңшылар қауымдастығы мен оның жақтастары болып табылатын қару сатушылар мылтықтардың қылмысқа қатысы шамалы дейді. Бір айтарлығы, ПМ ӘПК Азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау басқармасының бастығы Марат Отыншин өзінің бір мәлімдемесінде әлгіндей террорлық шабуыл болмаса, елімізде негізінен заңды, ресми тіркелген аңшылық қарумен ешқандай қылмыс жасалмағанын жеткізген

• Дүбірлі дүние

## САХАРОВ СЫЙЛЫҒЫ УКРАИНА ХАЛҚЫНА БЕРІЛДІ

Еуроодақ Андрей Сахаров атындағы сыйлықты Украина халқы мен осы елдің президенті Владимир Зеленскийге берді. Бұл туралы Еуропарламент өкілі Роберт Метсол хабарлады.

Украина халқын, Украина президенті Владимир Зеленскийді және Украина азаматтық қоғамының өкілдерін бұл сыйлыққа Еуропарламенттің бірнеше фракциясы ұсынды. Сахаров сыйлығы – Еуроодақтың азаматтық қозғалысының ең беделді сыйлығы. Былтыр Сахаров сыйлығын ресейлік оппозиционер Алексей Навальный, оның арғы жылы Беларусь оппозициясы, 2018 жылы украиндық режиссер Олег Сенцов (Ресей аннексиялап алған Қырымда тұтқындалған еді) алған еді. Сенцов Ресей түрмесінен шыққан соң Еуропарламентте сөз сөйлеген.

## НӘСІЛШІЛДІККЕ ҚАРСЫ ШЕРУГЕ ШЫҚТЫ

АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында нәсілшілдікке қарсы наразылық шарасы өтті.

Жиналған топ қала басқармасының кеңес мүшелерін қызметтен кетуін талап етуде. Халықтың ашуына таяуда әлеуметтік желіде тарап кеткен шенеуніктердің өзара телефонмен сөйлесу кезіндегі аудио-жазбасы түрткі болды. Жиналған жұртшылық кеңес мүшелері Зевин де Леон мен Гил Седильоны лауазымды қызметтен босатуды талап етті. Шерушілердің сөзінше, демократиялық елде адамдарды нәсіліне қарай бөліп жаратын адамдар билік басында отырмауы тиіс. Халық шаһар әкімдігінің алдына жиналып, жол қозғалысына бөгет жасады. Демократиялық ел болғандықтан қала басшылары халық талабына құлақ асуға, аталған шенеуніктер қызметтен кетуге міндетті.



## ҰЛЫБРИТАНИЯ ПРЕМЬЕРІ ОТСТАВКАҒА КЕТТІ

Ұлыбритания премьер-министрі Лиз Трасс 20 қазанда отставкаға кететінін жариялады. Ол премьер қызметінде 44 күн ғана отырды. Трасс – Британия тарихында лауазымында ең аз отырған премьер-министр атанды.

«Жаңа премьер тағайындалғанша бұл қызметте қала беремін» деген Лиз Трасс 6 қыркүйекте Консервативтер партиясының лидері әрі премьер-министр болып тағайындалған болатын. Трасс билікке келген соң салық реформасын енгізбек болған, бірақ оның бұл бастамасы қоғам қарсылығына ұшырап, үлкен митингіге жалғаса жаздады. Трасс халық сынынан соң қаржы министрінің ауыстыруға мәжбүр болған. Енді халық талабы бойынша өзі де бұл лауазымды босатуға мәжбүр. Ол бұл қызметке Борис Джонсонның орнына келген. Джонсон да премьерліктен шумен кеткен-ді.

2-3-бетті дайындаған  
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҒҰЛЫ

# ҚАРУ-ЖАРАҚ САТАТЫН ДҮКЕНДЕР ЖАБЫЛСЫН

## ҚАРУДЫҢ ЗАРДАБЫН ТАРТЫП ЖАТҚАНДА ОНЫ САТУДЫҢ ҚАНША ҚАЗЖЕТТІЛІГІ БАР?

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда біздің еліміз осы қару-жарақтың зардабын аз тартып келе жатқан жоқ. Мемлекет қарамағындағы әскери саланың өзі қару-жарағын дұрыс қадағалай алмай қаншама қасірет әкелді. Соңғы он жыл ішінде Арыс қаласының маңында төрт рет жарылыс болған екен. Жүздеген отбасылары баспанасыз қалып, адам өлімі де орын алды. Мемлекеттік әскери сала қоймадағы қаруына ие бола алмай отырғанда жекеменшік қару сататын дүкендерден не күтуге болады? Оған мысал ретінде осы жақында Қостанайдағы қару-жарақ дүкенінің жарылуын атасақ та жеткілікті. Прокуратураның анықтауына оқ-дәріні дұрыс тасымалдаудың және дұрыс сақтамаудың салдары оқыс оқиғаға әкеліп соққан. Қару-жарақ дүкенінде болған қатты жарылыста төрт адам көз жұмып, тағы жетеуі түрлі денгейдегі жарақаттар алды.



Елімізде қару-жарақты ашық сатуға ресми түрде рұқсат беру осы қайғылы оқиғаларға себеп болды десек қатеспейтін шығармыз. Айталық, Қантар оқиғасы кезінде қаншама қару ұрланды. Тек Алматы және Жамбыл облыстарының екі полиция департаменттерінен қылмыскерлер 800-ге жуық атыс қаруын, оның ішінде 262 автомат, 501 тапанша, 12 гранатомет, пулемет және 60 мыңнан астам оқ-дәрілер ұрланған деген деректер жарияланды. Осы мәлімет бойынша аңшылық дүкендерін және қойық қорғау және құнды органдардың қару-жарақ арсеналдарынан барлығы 3 мың қару ұрланған. Осыншама көлемдегі қолды болған қарудың тек үштен бірі немесе 771 бірлігі ғана табылған. «2 мыңнан астам қару-жарақ, соның ішінде автоматтар, мылтықтар, тапаншалар мен гранатометтер, сондай-ақ тапаншалар өлі де қылмыскерлердің қолында. Онымен бүкіл полкті қаруландыруға болады. Бейбіт тұрғындарға бұл қару қажет емес екені түсінікті. Ол елдегі жағдайды тұрақсыздандыру үшін ұрланған. Барлық осы фактілер бойынша қылмыстық істер тергелуде», - деген болатын Бас прокурор Берік Асыллов.

Толық емес деректер бойынша бүгінде Қазақстанның өзінде 120-ға жуық аңшылық қару-жарақтарды сататын дүкендер бар екен. Қолданыстағы бар қаруға негізгі қадағалау жасайтын ПМ дерегіне, қазір қазақстандықтардың қолында 284 мың дана қару заңдастырылған. Ал жалпы елімізде 210 мыңға жуық адам аңшы қаруын иеленген, бұл халықтың шамамен 2 пайызын құрайды. Оның 35 мыңынан 2 және одан да көп түрлі мылтықтар бар екен. Осы бір ресми деректің өзі бізде қару сату даңғыл жолға қойылғанын көрсетпей ме? Ал қоғамда бұған қатысты оқыс оқиғалар орын алған сайын мәселе көтеріліп келді. Тұрғындарымыздың басым көпшілігі негізінде қару сату ісіне түбегейлі қарсы, ол қоғам үшін қауіпті деп санайды.

Рас, елімізде орын алған түрлі қылмыстық оқиғалардан соң бірқатар шаралар қабылдана бастады. 2016 жылдың 5 маусымында Ақтөбе қаласында теракт болып, лаңкестер қаладағы «Паллада» қару-жарақ дүкені мен ұлттық

гвардияның бөлімшесіне шабуыл жасады. 18 шілде күні Алматы қаласында бір ғана адам 5 бірдей полициейге және зейнетке шыққан подполковник пен шекара қызметінің қызметкеріне оқ атты. Қайғылы оқиғалардан кейін қоғамда террористердің басты нысаны болған қару-жарақ дүкендерін жабу-жаппау туралы өткір пікірталас туындағаны белгілі. Бұл мәселе тіпті Мәжілісте де қаралған болатын. Әсіресе Ақтөбедегі трагедиядан кейін ПМ Әр адамның 4 аңшы қаруынан артық ұстауына шектеу қоюды, бұрынғыдай бір қолға 10 мылтық берілмеуі керектігін ұсынды. Сақшылар оны елдегі аңшылық қаруы бар адамдардың мүддесіне қарағанда тұтас қоғамның қауіпсіздігі қымбат деген ұғыммен түсіндірді. Онысы дұрыс болды. «Біз адамдардың қару сатып алуына қарсы емеспіз. Бірақ нәліктен оған 2 емес, 10 қарудың қажет болғанын дәлелденіздер. Әрине, аңшылықтың түр-түрі бар екенін түсінеміз. Бұл ретте адам қандай аңшылықпен айналысатынын тандасын. Біз бұл шектеуді Қазақстанда терроризм болмағанда енгізбес едік. Болашақта заңсыз қару иеленудің барлық мүмкіндіктерінің жолын кескеніміз жөн. Атыс қаруын иелену бойынша адамдардың құқығын шектеп отырғанымыз жоқ. Бірақ бір қолға 4 қару жеткілікті» деген-ді Мәжіліс депутаттары алдында сол кездегі ПМ вице-министрі Рашид Жақыпов.

Атыс қаруын иеленген адамдардың аң аулау құқығын шектеуге болмайды деген қағида қаруларды сатуға негіз болып тұрған айтқандай қаруға иелік етуге жоғарыдан 210 мың адамның бәрі бірдей аңшылыққа шығып жатқанына да күмән келтіруге болады. Көбісінің қарулары үйлерінде «қантарулы» түр. Сол қарулардың күндердің күнінде қылмыс құралына айналмауына кім кепілдік бере алады. Екіншіден, аңшылықпен бірге олардың брокерлерге айналуы да мүмкін ғой. Ондай жағдайлар да жоқ емес. Брокерлер қорықшы Ерлан Нұрғалиевті атып өлтіргені сияқты қылмыстарға да баруы әбден мүмкін.

болатын. Оның айтуынша, Қазақстандағы қылмыстар газ баллоншалары, пневматикалық және сигналдық қарулар арқылы жасалатын көрінеді. ПМ Әкімшілік полиция комитетінің мәліметінше, 2017 жылдан бері елімізде сол қарулармен 129 қылмыс жасалған. Оның 28-і – қарақшылық, 79-ы – бұзақылық және үшеуі өлтіруге оқталу әрекеттері екен. Сонда кейін мәлім болғанындай Ақтөбе, Тараз бен Алматыда болған лаңкестік оқиғалар аңшылық қару арқылы жасалғанын қайда қоямыз? Бақылаушы органның бұл мәлімдемесі көпшіліктің көңілінен шыға қоймады. Қарудың аты қару оған аса жауапкершілікпен қару сатқандығын, тіпті қару сататын дүкендерді жабуды талап етті.

Үкімет тарапынан тұрғын үйлер, қоғамдық орындар, мәдениет мекемелері және денсаулық сақтау орындарының жанында орналасқан аңшылық дүкендерін жауып, оларды өз алдына жеке ғимарат етіп көшіру жөнінде шұғыл шешім қабылданды. Қарусыздандырудың тағы бір шарасы – мылтықтары мен тапаншаларын ішкі істер органдарына тапсырғаны үшін 30 мың мен 150 мың теңге аралығында сыйақы берілді. Бұл үшін бюджеттен миллиардтаған қаржы бөлінді. Нәтижесінде ел азаматтарынан 20 мың қару сатып алынды. Бұл да мәселені толық шешпесі анық, заңсыз сақталған қанша қару қолда қалғаны белгісіз. Қаруды заңды сататын қару сату қалаша қару айналымда жүргені де беймәлім.

Қару-жарақ сату қылмысқа жол ашып беретінін біле тұра неге оған рұқсат береміз деген сұрақ қоғамда жиі қойылады. Оған айтар биліктің уәжі дайын. Олардың ойынша жалпы өркениеттің техникалық жетістігі саналатын қару-жарақтың әлемнің басты дамыған мемлекеттерінде еркін сатады. Бұл да бизнестің бір түрі, мемлекетке салық түріндегі қомақты қаржы түседі дейді. Сонда қаншама қасірет әкеліп жатқан қару-жарақ саудасы біздің экономикамызды тіреп тұрғаны ма? Әлде сол елдермен басымыз бірге жаралған ба? Қит етсе «Батыста солай!» деген дәйектерін алға тартатын бізде жаман әдет бар. Батыстықтар қолындағы қарумен бір-бірін қырып тастаса, біз де соны қайталауымыз керек пе? Қару-жарақ сатуды заңмен тоқтатсақ біз дамыған ел болмай қаламыз ба? Дамудың да, бизнестің де өзге түрлері толып жатыр. Қару сатқанша бір цех ашып, халық тұтынатын тауарлар шығарсын. Ондай мүмкіндіктер бар ғой, соңғы жылдары шағын және орта бизнесті дамыту бағытына бағытталып отырған бағдармалар қабылданып іске аса бастады.

Қазақстанда «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң 1999 жылы шілде айында қабылданды. 2016 жылы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соған сәйкес қару-жарақтың жекелеген түрлерінің саудасы мен сақталуына бақылау күшейтілді. Ал атыс пен адам өміріне қауіп төндіру осы күнге дейін тоқтар емес. Сондықтан халықтың басым бөлігінің талабын ескере отырып қару-жарақ сататын сауда орындарын жауып, осы бағыттағы заңды барынша қатайту қажет.



бөлінбеген ресурстары бар мемлекеттік органдар жыл сайын борыштық міндеттемелерге терендей түсуде.

Осылайша, бюджет тапшылығын жабу және бұрын тартылған қарыздарды өтеу мақсатында 2023 жылы 5,7 трлн. теңге сомаға, оның ішінде Сыртқы қарыз алу есебінен қосымша қарыз алуды жүзеге асыру жоспарлануда. Бірақ онсыз да Қазақстанның сыртқы қарызы ағымдағы жылы 164 млрд. АҚШ долларды құрайды. Қаралып отырған бюджетте мемлекеттік қарыздың биылғы ЖІӨ-ге 27,6%-ға және 2023 жылы ЖІӨ-ге 29,4%-ға дейін өсуі байқалады. Бюджет кірісіне қатысты Мемлекеттік

комиссияны барлық соманың 0,25% мөлшерінде төлейтінін, яғни ұзартудың 4 жылы ішінде қосымша комиссия шенеуніктердің асықпауына байланысты ғана салық төлеушілердің қалтасынан артық төленген 10 млн. АҚШ долларын құрайтынын ескеру қажет.

Бұл жоба туралы ғана емес: Үкіметтің сыртқы қарыздарының 11-і мерзімдерін бірнеше рет ұзартумен жүзеге асырылуда; тағы 7 қарыз резервке қойылды, содан кейін халық ақшасының негізсіз жоғалуымен мүлдем жойылды. Осыған байланысты мен Маргарет Тэтчердің «Мемлекеттік ақша деген түсінік жоқ, Салық төлеушілердің ақшасы деген

на сәйкес Қазақстан халқына Жолдауында Ұлттық қордан берілетін трансферттер тек қана сыни инфрақұрылымды дамытуға және жалпыұлттық маңызы бар жобаларға бағытталуы тиіс.

Дегенмен, кейбір үлкен шығындар бірқатар сұрақтар туғызады. Мәселен, екінші деңгейдегі банктерде орналас-тырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақсат төлеуге 2023 жылы 183 млрд теңге нысаналы трансферт жоспарланған.

Бұл шара минималды жинағы бар азаматтарды қорғайтын маңызды шара.

Бірақ оның ілеспе әсері банктердің теңгелік өтімділігін сақтауды білдіреді. Сондықтан оны Ұлттық қорды емес, Ұлттық Банк пен банктердің қаражатын тарта отырып жүргізген жөн болар еді. Мемлекет оларды тағы қанша уақыт құтқарып, ал банкирлер болса осы ақшадан миллиардтаған табылмаған дивидендтер жазып береді?

«Балаларға арналған Ұлттық қор» бағдарламасы бойынша соңғы тапсырмаларды ескере отырып, ағымдағы іс-шараларды іске асыруға Ұлттық қор қаражатын пайдалануды қайта қарау өте маңызды. «Ақ жол» фракциясы бюджет шығыстарының құрылымында экономиканың нақты секторына инвестициялар мен қолдау шараларының төмендеуі байқалғанына назар аударады.

Егер 2022 жылға осы мақсаттарға 2,7 трлн. теңге немесе жалпы шығыстардың 14,4% көзделген болса, онда 2023 жылы көлем екі есеге жуық - 1,6 трлн. теңгеге дейін немесе шығыстардың жалпы құрылымына 7,9% дейін төмендейді. Өнеркәсіпті (467-ден 181 млрд. теңгеге дейін) және ауыл шаруашылығын (748-ден 431 млрд. теңгеге дейін) қолдау екі-екі жарым есе төмендейді. Бірақ тіпті бұл қаражатты жергілікті әкімдіктер жиі әлеуметтік тесіктерді жабуға бағыттайды. Ал депутаттардың бөлінген қаражатты экономиканың тиісті секторларына, ең алдымен ауыл шаруашылығына бекіту туралы ұсынысын Үкімет қолдамады.

Демек, үкімет қайтарымсыз шығындарды көбірек қаржыландыруға ниетті, ал бюджет кірістерін көбейтетін және кеңейтетін инвестициялар, керісінше, азаяды.

Бұл қазіргі уақытта тапқаннан көп ақша жұмсау ғана емес, болашақта табуды жоспарлағаннан да көп ақша жұмсауды білдіреді.

Құрметті әріптестер, біз өмір сүру сапасын арттыру және ұлттық табысты қоғамның барлық топтары арасында әділ бөлу үшін Президент бастамашылық еткен әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды ұлғайту негізінде ұсынылған бюджетті қабылдаймыз. Көріп отырғаныңыздай, бұл процесс өте күрделі, тіпті ауыр деуге болады, сондықтан біз бюджеттің жалпы бағытын қолдауымыз керек. Сонымен бірге, біз Үкіметтің назарын халықтық ақшаны басқарудағы көрсетілген оқшылықтарға қайта-қайта аударамыз.

Назар аударғаныңыз үшін рахмет!

«Ақ жол» демпартиясының баспасөз қызметі

# ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ КЕРЕК

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АЗАТ ПЕРУАШЕВТЫҢ 2023-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ЖОБАСЫ БОЙЫНША СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

## Құрметті әріптестер!

«Ақ жол» фракциясы 2023 жылға арналған бюджеттің дербес кірістерінің (трансферттерді есептемеген) бірден 3,2 трлн. теңгеге жоспарланған өсуін қолдайды. Бұл оң үрдіс.

Сонымен қатар, мұнда ең үлкен үлес салмағын (97,5%) салық түсімдері алады, оның негізгі үлесі ҚҚС және КТС түсімдеріне тиесілі.

Салық түсімдерін ұлғайту көздерінің бірі цифрландыру мен фискалды әкімшілендіруді жақсарту болып табылады.

ҚҚС бойынша көзделген өсім 32%-дан астамға сараланған салық салуды енгізу жөніндегі Президенттің тапсырмасына ешқандай қатысы жоқ екенін атап өту қажет деп санаймыз. Егер біз қазіргі салық сүйесінің негізгі бенефициарлары – банктер мен табиғи шикізатты экспорттаушылар – ҚҚС қайтарылуынан немесе оны төлеуден толығымен босатылғанын ескеретін болсақ; демек, олардың салық жүктемесін түрестіру, ең алдымен, КТС-қа байланысты болуы керек.

Егер салық түсімдері бойынша болжамда жылдар бойынша одан әрі өсу бекітілсе, онда салықтық емес түсімдер бойынша, керісінше, биылғы жылы 402 млрд. теңгеден 2024 жылы 291 млрд. теңгеге, яғни 38%-ға кезек-кезеңімен төмендету көзделген. Салықтық емес түсімдер құрылымындағы ең үлкен үлес квазимемлекеттік сектор кәсіпорындары акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерге тиесілі екенін түсіну қажет.

«Ақ жол» фракциясы жыл сайын үш жылдық бюджетті бекіту кезінде дивидендтік саясатты, квазимемлекеттік секторды қатаң сына алады. Тіпті «Самұрық-Қазына» қорының дивидендтік саясатына сәйкес жыл сайын бюджетке жіберілетін дивидендтер мөлшері жүйе құраушы компаниялардың пайдасының 50%-нан тұруы тиіс. Алайда, тіпті бұл талаптың

өзі орындалып жатқан жоқ. «Ақ жол» демпартиясы бюджетке ұлттық компаниялардың таза пайдасының 100%-ын алуды, ал Қордың жаңа жобаларды қаржыландыруын Парламентте бекіту арқылы жүргізу қажет деп санайды.

Мұндай тапсырманы Президент Қ. Тоқаев 2020 жылы берген болатын, алайда іс жүзінде Қор таза табыстың 12%-ын ғана төледі. Биылғы жылы мемлекетке төленген дивидендтер сомасы тағы да сектордың таза табысының 10% ғана құрайды және мұндай деңгей қаралып отырған бюджеттің барлық жылдарына кепілге қойылған.

Айта кету керек, квазимемлекеттік сектор экономиканың 60% құрайды. Сондықтан, оның табысы болса, Парламент мемлекет есебінен қалыптасатын нақты қаржы ағындарының жартысына жуығын ғана көреді. Қалған сомаларға Үкімет пен ұлттық компаниялар өз қалауы бойынша, Парламент қаржыларын және бюджеттік рәсімдерден тыс билік етеді. Сонда «ықпалды Парламент» пен «Есеп беретін Үкімет» деген қайда?

Квазимемлекеттік сектордың мұндай бақылаусыздығы мемлекеттік компаниялармен, олардың әкімшілік және қаржылық ресурстарымен физикалық тұрғыдан бәсекеге түсе алмайтын жеке кәсіпкерлікке бәсекелестік қысым түрінде қосымша теріс нәтижеге ие. Нәтижесінде квазимемлекеттік сектор жеке экономика мен бизнестің дамуын жасауды түрнестейді, бәсекеге қабілетті бизнес-қоғамдастықтың әлеуетін ашуға кедергі жасайды.

Шын мәнінде, елде мемлекеттік-монополиялық экономика қалыптасты. Егер әділ Қазақстан туралы айтатын болсақ, онда мемлекеттің нарықтық қатынастарға араласуы және квазимемлекеттік сектордың көлемін қысқартудан бастау керек. Оның үстіне, қолында квазимемлекеттік сектордың



кепілдік бойынша мемлекеттік емес қарыздарды ескере отырып, үкіметтік борышты өтеуге және оған қызмет көрсетуге жүктеме лимиттерден едәуір асады (2023 жылы лимиттің 9,5%-ға артуы), 2024 жылы 9,9%-ға), 2025 жылы 12,6%-ға артуы).

Бұл ретте, Есеп комитетінің бағалауы бойынша, Үкімет борышының ұлғаюының себебі қарыздарды тиімсіз жоспарлау және игеру, тәуекелдерді жеткіліксіз пысықтау және қарыз алу құралдарының экономикаға әсері болып табылады.

Бұған «Шығыс-Батыс», «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолдарын дамыту бойынша ХҚДБ сыртқы қарыздары бірнеше рет ұзарту қаралып табылады. Іске асыру кезеңі 2013-2023 жылдарға белгіленді, бірақ нақты игеру 2019 жылдан басталды, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 1,068 млрд. АҚШ долларынан 92,8 млрд. теңге игерілді, яғни шамамен 22% құрады. Іске асырудың жаңа мерзімі 4 жылға ұзартылды. Бұл ретте Қазақстан қарыздың пайдаланылған сомаларын ғана емес, сондай-ақ резервтеу үшін жыл сайынғы

түсінік бар» деген сөздерін еске саламын.

«Ақ жол» демпартиясының фракциясы Мемлекеттік сыртқы қарызды белгілі мерзімде игермеген үшін дербес жауапкершілікті көздейтін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске жақында қабылданған өзгерістер жауапты тұлғаларға қолданыла бастайды және аталған тәжірибені бұзады деп үміттенеді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы сыртқы борыш мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар өткізуді ұсынады.

Бюджеттің шығыс бөлігі туралы. Жалпы, біз халықтың осал топтарының кірістері теңестірілуіне қолдаймыз. Сонымен бірге, Ұлттық қордан трансферттердің жоспарланып отырған төмендеуіне қарамастан, Ұлттық қордың төмендетілмейтін қалдығы бойынша ковенанттың ЖІӨ-ге 30% - ға (2022 жылы ЖІӨ-ге 30%-ы) және 2023 жылдары ЖІӨ-нің 25% және 29,1%-ы) және мұнай тапшылығы деңгейі бойынша (2023-6,4% орнына 6,8%) сақталмауы күтілуде.

Президенттің тапсырмасы-

Ақиқатын айтсақ, қазір ғаламдық қауіпсіздік қыл үстінде тұр. Әлем сонау 1962 жылғы СССР мен АҚШ арасындағы тарихқа «Кариб дағдарысы» атауымен енген текетірестен де ауыр күй кешіп отыр. Айналамыздың бәрінде алауыздық. Ресей мен Украин арасындағы қарулы қақтығыстар соңы алапат соғысқа әкелді. Тіпті, ядролық қару қолданыла ма деген үрей басым. Одан қалса, Алатаудың арғы бөктеріндегі Қырғыз бен Тәжік ағайындардың қақтығысы, Әзірбайжан мен Армения арасындағы дүрдараздық та төрткүл дүниені бірталай тіксінтті. Сонымен қатар Ирандағы ереуілді алыңыз. Одан қалса, Қытай армиясы толық жауынгерлік дайындық жағдайын жариялады. Мұны бәрі сіз бен бізді ойландыруы тиіс. Себебі, ірі державалар арасындағы өзара сенім күн өткен сайын сөтінген барады. Бұл біздің Қазақ еліне кері әсерін тигізбей қоймайды. Дәл осы сәтте арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей шығу оңайға соқпайды.

сайын 828 миллион адам асауқатсыз күн кешуде. Аштыққа ұшырағандардың 60%-ы қарулы қақтығыстар болып жатқан аумақта немесе олармен іргелес мемлекеттердің азаматтары.

Ол аз десеңіз, сарапшылардың пікірінше, еріксіз көшікон мәселесі де күн санап артып келеді. Биыл 7,3 миллионнан астам азаматтар атамекенінен алыстап, шетелден баспана іздеуге мәжбүр болған.

Әлемдік экономикадағы жағдай инфляцияның өсуімен,

Бюджет кірістері бойынша жоспар 125 млрд теңгеге асыра орындалған.

Әр қиындық жана мүмкіндіктерге жол ашатыны белгілі. Ал сол мүмкіндіктерді мүлт жібермей, оңтайлы сәтті ұтымды пайдалана білу — көрегенділіктің көрінісі. Бұл тұрғыда да Президентіміз нақты тапсырма берді: «Біз инвестициялық капитал үшін болып жатқан жаһандық күрестің куәсіміз. 1400 ірі шетелдік компанияның әрбір екіншісі қызметін тоқтатты не-

шешу» маңызды. Әрі айналамыз үш жылдан астам уақытта Қасым-Жомарт Кемелұлының демократияға бастаған қадамын айқын көріп, біліп отырмыз. Нәтижесінде, «ақиқаты осы» деп қос өкпемізді қолымызға алып, шаужайланып тебінгенде алдымызға жан салмайтынды шығардық. Әрине, дұрыс. Әйткенмен, жалқылық ақиқат, жалпылық кесел тудырмауын пайымдауымыз маңызды.

Анығын айтқанда, қазір саяси ойын ойнап, бәсекелестің

# ОЙЛАН, ҚАЗАҚ!

Анығында, Қаңтар оқиғасынан кейін кейбір сарапшылардың Қазақстанның көпвекторлы саясатының келешегі бұлдыр дегенін де оқып білдік. Өйткені, әлемдегі геосаяси қысымның күрт артуына байланысты өңірлік деңгейдегі «ойыншыларға» бейтараптық таныту күн өткен сайын қиындап барады.

Одан қалса, «Қаңтар қасіретінен» және Еуропа парламентінің қарарынан кейін елімізге санкция салына ма деген қауіп туындағаны ақиқат.

Алмағайып тұста Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіби дипломаттық қадамы нәтижесін берді. Еуропа парламентінің қарары объективті емес деп танып, ондағы бірнеше депутат Қазақстанның мүддесін қорғады.

Осы сәттерде шығыстағы Қытай, Үндістан, Шығыс Азия елдерімен, іргеміздегі Ресей және орталық Азия мемлекеттерімен, тіпті, Мұсылман әлемімен, батыстағы халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасты нығайту бойынша маңызды қадамдар жасалғанын көрдік. Әңгімеміз «дәмсіз» болмасын, дәйектермен «тұздайық».

Естеріңізде болса, 25 қаңтар «Орталық Азия — Қытай» онлайн саммиті өтті. Арасына көп уақыт салмай 5 ақпанда XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатынан кейін Бейжіңде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай басыршысы Си Цзиньпин келіссөз жүргізу мақсатында дөңгелек үстел басында бас қосты. Нәтижесінде, сауда-экономикалық байланыстар нығайтып, «Бір белдеу және бір жол» мегажобасын дамытуға басымдық берілді.

Аталған сапар барысында Қытайдың мемлекеттік резиденциясына үш елдің ғана басшылары орналасқан: Ресей Президенті Владимир Путин, Пәкістан Премьер-министрі Имран Хан және Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Қытай билігінің бұл берері да көп нәрседен хабар берамы да көп.

Үндістан елімен ынтамықтастық байланыс та өз жемісін беріп келеді. «Оңтүстік векторды» нығайтуға жасалған қарекет нәтижесінде Қазақстан мен Үндістан арасындағы тауар айналымы 3 млрд АҚШ долларына жеткен. Күні кеше Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедов Астанаға ат басын бұрды. Екіжақты келіссөз



нәтижесінде екеуара саудасаттық айналымын 1 млрд долларға жеткізуге уағдаласты.

Елімізде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің өтуі де — маңызды оқиға. Оған Рим Папасының өзі қатысқанын көріп отырмыз. Кейіннен екі жыл бойы резиденциясынан алыстамаған Си Цзиньпин алғашқы сапарын Қазақстанға бастады. Әлбетте, бұл қадам қазақ Көшбасшысының алпауыттар алдындағы абыройының асқақтығын айғақтап тұр.

Астанада өткен Азия саммиті де елімізді жаңа белестерге көтергенін байқап отырмыз. Әлем назары Ақордаға ауып, аумалы-төкпелі тұста бірлігімізді бекемдей алған мемлекетімізге таңдана әрі қызғана қарады. Батыс басылымдары саммит жайында ой қозғағанда Ресей мен Украин арасындағы соғыс Қазақстанға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр деп жарыса жазуда.

Рас, осынау алаң-еңел сәттің өзінде «қауіпсіздік мекеніне» айналып, үздіксіз даму жолынан жаңылмағанымыз — бағалауға тұрарлық еңбектің көрінісі. Себебі, қазіргі уақытта жаппай ашаршылық көптеген елдердің шаңырағын шайқалтуда. Деректерге сүйенсек, әлемде күн

**Астанада өткен Азия саммиті де елімізді жаңа белестерге көтергенін байқап отырмыз. Әлем назары Ақордаға ауып, аумалы-төкпелі тұста бірлігімізді бекемдей алған мемлекетімізге таңдана әрі қызғана қарады. Батыс басылымдары саммит жайында ой қозғағанда Ресей мен Украин арасындағы соғыс Қазақстанға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр деп жарыса жазуда.**

жұмыс орындарының қысқаруымен және экономикалық құлдыраумен сипатталады.

Осыған орай Ресей-Украина арасындағы соғыс әлем бойынша азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқты. Бүгінде халықаралық валюты күрделі 2022 жылы жаһандық инфляция болжамын 8,3%-ға дейін көтерді. Тіпті, алпауыт деген АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде инфляция деңгейі соңғы 40 жылда болмаған рекордтық көрсеткішке жетті. Нақтыласак, АҚШ-та — 8%-дан асты, ал Еуроаймақта — 10%.

Әйткенмен, жаһандық сынқатерлерге карамастан, оңтайлы жүргізілген дипломатиялық келіссөздер, жоспарлы стратегия нәтижесінде елімізде тұрақты экономикалық өсім сақталуда. 2022 жылғы қаңтар-тамызда Қазақ экономикасының өсу қарқыны 3,1% құраған.

**Демек, дүние дүрбелеңге түскен сәтте кежегені кері тартпай, әр нәрсені Абай айтпақшы «ұғынысып, келісіп, жанжалсыз шешу» маңызды. Әрі айналасы үш жылдан астам уақытта Қасым-Жомарт Кемелұлының демократияға бастаған қадамын айқын көріп, біліп отырмыз. Нәтижесінде, «ақиқаты осы» деп қос өкпемізді қолымызға алып, шаужайланып тебінгенде алдымызға жан салмайтынды шығардық. Әрине, дұрыс.**

сәт емес. Себебі, таразы басында тәуелсіздік тағдыры тұр.

Әлемдік дүмпуді оңтайлы пайдаланып отырған кейбір ел ішіне іріткі салушылар қазір ақпараттық майданға бел сыбана кірісті. Олардың арамза ойы — ел ішін ыдырату. Дәл осылай «Қаңтарда» қол жеткізе алмаған билікті басып алу.

Шындығында, қазақтың басынан не өтпеді дерсіз. Бабаларымыз аттың жалы, түйенің қомында жүріп күн кешті. Тәуелсіздік таңы атқанға дейін «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», қолдан жасалған ашаршылық пен соғыстан көз ашпадық. Тіпті, ядролық қаруды да кесепатын көрген біздің қазақ.

Ендеше, еліміздің аузы енді ғана аққа, жамбасы таққа тигенде дербестіктің қадірін қашырып алмайық.

Тарих төреші «Күш — бірлікте» екенін дәлелдеп келеді. Бұл қадам көне заманнан қазақтың арман-аңсары. Себебі, бабаларымыз «Бірлік қылмай ел оңбас» деген.

Мен біреуді мақтап, ендігісін даттаудан аулақпын, тек ақиқатқа анық қарап, ердің еңбегін бағалай білуіміз маңызды деп есептеймін. Көпке топырақ шағуран аулақпын, әйткенмен жошарыда алақанымдай, мемлекетке пайдасы тұрмақ, қолындағы баласы, қойнындағы қатынына шамасы келмегендер ақылманға айналғанына күйінесін.

Ал Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық қадамы мен саясаткерлікке ғаламтық елдерін таңдандырып отырғанын ғаламтор дәлелдеп береді.

Шындығында, ғаламдық сын сағатында кәсіби дипломат, сұңғыла саясаткерлер ғана елін тығырықтан алып шығатыны ақиқат.

Сондықтан қазіргі президенттік сайлауға асқан жауапкершілікпен қараған абзал. Себебі, ендігі кезеңде абыройымыздың асуы да, берекеміздің қашуы да өзімізге байланысты.



Қайнар ЖҰМАҒОЖА

Тәуелсіздігіміздің отыз бәрінші жылы да өз мәресіне жетуге таяу қалды. Толағай табыстар мен іргелі істерге толы, қиындығы мен ауыртпалығы қатар жүретін әр жылымыз тарих жылнамасына таңбадай басылып тіркелуде. Бүгінгі жас ұрпақ өткеннен бейхабар. Жасымыз жетіпкістен асқан біздер бала да қазақ әкелеріміздің жанқиярлық бейнеткеш адал еңбектенуін көзбен көріп өстік.

Сондай адал еңбегімен елімізге танылған ұстаздардың ұстазы Әлтай Аймағанбетовтің биылғы жыл 110 жылдық мерейлі той жылы. Әйгілі Хазіреті Әлі: «Маған бір әріп үйреткен кісіге қырық жыл қызмет етуге дайынмын» деген екен. Сол айтқандай аса қадірлі ұстазым Әлтай Аймағанбетовті осы күні өте бір сағынышпен қанша жыл өтіп кетсе де қимастықпен есіме аламын. Әлтай ағай дүниеден өткенде Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Екпінді ауылының орталығындағы шағын алаңда үлкен жиын митинг болған еді. Онда облыс, аудан басшылары мен ауыл азаматтары бірінен соң бірі шығып сөйлеп, Әлтай ағайдың өмірбаяны, еңбек жолы мен азаматтық қасиеттерін айтып, аяулы ұстазбен қоштасқан болатын. Оқушылардан орта буын сыныпта оқитын оқу озаты пионер Жетпісбаев Тұңғышбай сөйлеп, қадірлі ұстазымен жылап тұрып қоштарды. Сапталған ұстаздың қолына түгел жылап, үлкендер де аяулы азаматты қиыспай көздеріне жас алды. Соңында ұстаздың мүрдесі ақ кигізге оралып қойылған табытты ауылдан он шақырым жердегі көне қала Сығанақтағы мазаратқа қарай жаяу көтеріп халық шұбырып бара жатты. Сөйтіп абзал азамат Отанын жанындай сүйген патриот ұстаз Әлтай Аймағанбетов 48 жасында-ақ талбесіктен жер-бесікке аттанып кете берді.

Аймағанбетов Әлтай 1912 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Сорбұлақ болысы №5 ауылдық советінде дүниеге келген. Анасы 1915 жылы, әкесі 1921 жылы қайтыс болған. Анадан үш жасында, әкеден тоғыз жасында жетім қалған Әлтай ағаларының қарамағында болған. Ана мен әкеден жастай айырылған қайсар баласын оқырып, ауыл молдасынан арапша хат таныған. Жастайынан білім қуып Әлтай өте зерек болып өскен. Әуелі Ташкент қаласындағы жұмысшылар факультетін (раб-факты) бітірген. 1928 жылы Жаңақорған ауданы аралына жанақорған шаңырақ көтерген кезде Әлтай Аймағанбетов ауданда жалпы сауатсыздықты жою науқанына белсене қатысты. Жас жігітті көпшілік қауым өз орталарына ықыласпен тартып, он алты жасында алғашқы жастар қатарында комсомол мүшелігіне қабылданды. Болашағы зор балаң жігіт сол бір күндерден бастап, күндіз мектеп балаларын оқытса, кешке колхозшылар мен ауылдың ересек ұл-қыздарын жинап алып оқытып, сауатсыздықты жоюға белсене араласып кетті. 1931-32 жылдары ашаршылық жайлап, жастарды оқытуға біраз қиындықтар туындайды. Оның үстіне талантты жастарды оқыту үшін арнайы ғимарат та жоқ. Талантты жас Әлтай Аймағанбетов ауданның сол кездегі оқу ынтасы болған жастарын әр жерден мектеп ашып сауаттандыруға күш жұмсады. 1932-36 жылдары №1 Бесарық ауылдық кеңесі қарамағындағы мектептерде,

1936-38 жылдары Жаңақорған орталығындағы мектепте, одан кейін Төменарық, Қандыарал, Елтай, №23 разъезд (детдом), Ескі Екпінді, Жаңа Екпінді мектептерінің ірге тастарына қалауға атсалысып, білімді мұғалімдерді жер-жерден тауып, кейбіреулерін айлық курстарға түсіп оқуына, қайта өз орталарына келіп ауыл балаларын оқытуға ықпал етеді. Осындай еңбектерімен көзге түскен Әлтай Аймағанбетовті 1938 жылы аудандық партия комитетінің бюросы партия қатарына қабылдайды. Ол өзінің кішіпейілділігінің арқасында ауданның сол кездегі ұстаздарымен толық танысып,



# ӘЛТАЙ АЙМАҒАНБЕТОВ – ЕЛ АРДАҚТЫСЫ

ағарту саласының жұмысының жандануына зор үлесін қосып атсалысады.

Кенеттен 1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысының басталуы талантты жастың өміріне қатты әсер етеді. Ол жедел Совет Армиясы қатарына шақырылып, 1941-42 жылдары Ташкент қаласындағы жаяу әскерлер училищесіне қабылданып, оның қысқа курсынан ойдағыдай бітіреді. Кіші лейтенант атағын алып, алғашқы фин атығынан зарлап шеккен аймақтарға жіберіледі. Көп ұзамай кіші лейтенант Әлтай Аймағанбетовті Ленинград майданына аттандырады. Осы уақыт ішінде әскери шені лейтенант атағына көтеріледі. Соғыстың аяғына қотеріледі. Псков, Полша жерлерін азат етуге қатысып, Прага

қаласын азат ету майданында жүргенде жамбасынан қатты жарақат алады. Сөйтіп дала госпиталына түсуге мәжбүр болады. Тағдыр оның өмірін аман сақтап, елге оралуына тура келді. Қос балдаққа сүйенген қайсар азамат бірте-бірте балдағын тастап, аудандық партия комитетінің шақыртуымен штатты насихатшылыққа тағайындалады. 1945 жылы маусым айының бірінен 1947 жылдың ақпан айына дейін Құмдық ауылдык кенесінің төрағасы болып қызмет атқарады. Соғыс даласындағы қираған елді мекендерден жетім қалған үш жүзден асқан балалар үшін қазіргі Екпінді теміржол бекеті жанынан жетім балалар үйін (детдом) аштырып, онда орыс тілінде оқытып жеті жылдық мектеп үйін

— “ —  
Әлтай Аймағанбетов бүкіл ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Жастайынан өмір тауқыметін арқалаған Әлтай ағайдың артында өшпестей із жатыр. Ұлдары Медет, Рысбек, Асан, Мұрат қыздары Патыма, Сатендерден тараған ұрпақтары, немерешөберелері өсіп, жайқалған бәйтерекке айналған үлкен әулет.

— ” —  
салдыруға белсене атсалысты. Ж.Асанбаевты сол мектепке директорлыққа ұсынып, жұмыс істеуіне жол ашты. Артынша 1948 жылы Ескі Екпіндіде төрт жылдық мектеп үйін салдырды. Оны 1951 мектеп үйін салдырды. Оған Н.Едігеновты директорлыққа

ұсынып, өзі қазіргі Жаңа Екпінді ауылы орталығынан 1954 жылы ауыл азаматтары күшімен асарлап жеті жылдық мектеп үйін салдырды. Ол мектеп қазір №166 қазақ орта мектебі деп аталады. Өзі осы орта мектепке директор болып, өмірінің соңғы күндеріне дейін қызмет атқарды. Әлтай Аймағанбетов соғыста алған жарақатының зардабынан 1960 жылы күзде дүниеден озды. Осындай қиын-қыстау өмірді басынан өткізген ұстаз үнемі білімін жетілдірумен айналысты. Ол 1959 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутын бітірген еді.

Жаңақорған ауданында сол бір қиын-қыстау кезінде еңбек еткен мұғалімдер Мүсілім Мырзахметов, Нәлтай Едігенов, Низамуддин Ильялетдинов, Исмағұл Досболов, Әбдіқадір Қансейтов, Абдын Мұсабаев, Сатыбалды Әлібеков, Төлеген Мұсаев, Жүндібай Жайпановтармен сыйлас болды. Ал Әлтай Аймағанбетов жәйлі бізбен де жұмыста болып, бертінде дүниеден өткен ұстаздар Әбіласан Әшірбеков, Әбдіхалық Мұсабаев, Мәткәрім Досжановтар өзара сыйластықтары жырдай етіп айтып отыратын еді. Қарт ұстаз Ә.Әшірбеков: «Әлтекең өзінің іскерлігін қарапайым елгезектігімен көзге түсетін. Қазіргі Бірлік, Бесарық, Төменарық, Екпінді, Қандарал, Елтай мектептерінің ірге тасын қалауда ол кісінің қолының табы бар», — дейді. Ал қарт ұстаз Ә.Мұсабаев: «Әлтекең екеуіміз талай рет Төменарық, Елтай Қандарал, Политотдел, Жаңарық мектептерінде инспекторлық тексеру кезінде бірге аралап, нақты методикалық көмектер берген едік» — дейтін. Ал қарт мұғалім Ә.Маженов: «Әлтекең өз көзімен соғысты көріп келгендіктен бе, жетім балаларды қатты мүсіркейтін. Қазіргі Екпінді бекеті жанындағы балалар үйін салдырып, мектеп аштырып, оған орыс тілінде сабақ беретін мұғалімдерді іздестіріп тауып еді» — деген болатын. Осындай аудан көлеміндегі көптеген қарт ұстаздардың көзі тірі кезінде бастауыш сыныпта ұстазым болған Әлтай Аймағанбетов ағайым туралы жылы сөздерін естіп мен де марқайып қалушы едім. Әлтай Аймағанбетовтан тікелей дәріс алған ағаларымыз Үсәй Абдуллаев, Дүйсен Нұрымов, Медет Әлтаев, Тынысбек Досмағанбетов ұлағатты ғалымдар дәрежесіне жетсе, шәкірті Жандарбек Мәлібеков тәуелсіз Қазақстанымыздың айбары Елтаңбамыздың авторы атанды.

Әлтай Аймағанбетов бүкіл ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Жастайынан өмір тауқыметін арқалаған Әлтай ағайдың артында өшпестей із жатыр. Ұлдары Медет, Рысбек, Асан, Мұрат қыздары Патыма, Сатендерден тараған ұрпақтары, немерешөберелері өсіп, жайқалған бәйтерекке айналған үлкен әулет.

Бір айтарлығым: Ел ардақтысы ұстаз Әлтай Аймағанбетовтың есімі аудан көлеміндегі ешқандай көшеге берілмеген. Ел басқарып отырған азаматтар осыны ескерсе екен.

Сайлаухан ЖАРТЫБАЕВ,  
ардагер ұстаз.  
Қызылорда облысы

## Қазыбек ол жай ат емес, ұлы есім. (Қадыр Мырза Әлі).

Сонау сағымға сіңген жиырмасыншы ғасырдың аяқ шенінде өлең өлкесінде кездесіп қалып, өзінің биязы мінезімен, кестелі жырларымен жадымда әбден орныққан замандас-қаламдас Қазыбек дос шығармашылығы туралы бір дүние жазсам, – деп жүруші едім. Үдесіне жеткізбейтін үркек уақыттың жетегінде жүріп, ол мақсатымыздың кейінге сырғи бергенін байқамай да қалыппыз. Сөйтіп жүріп өзімнен мүшел жас кіші бауырымның алпыс жасына ат басын іліктіріппіз.

